



# ҚАЗАҚ

# УНИВЕРСИТЕТІ

№ 3 (1328) 31-мамыр, 2004 жыл



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

## Шекараның арғы беті

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің бір топ өнерлі өрендері мамыр айының 26-сы күні көршілес қырғыз елінде дәстүрлі өткізілетін “Ана тілім - ана сүтім” атты телефестивальге қатысып, түрлі жанрларды қамтыған өнер жарысында бас жүлдені иеленіп қайтты. Аталған телефестивальдің негізгі мақсаты - бас бәйгені алу емес, екі ел арасындағы достық, бауырластық қарым-қатынастарға серпін беру, ынтымақтастық, ымыра-бірлікті арттыра түсу болатын.

Бішкектегі Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз мемлекеттік университетінің ұжымы осы фестивальге қатысушыларды шекарадан күтіп алды. Олар осы рәсімнің



“Осы фестиваль барысында қай жақтың өнер ұжымы жеңеді деп журналистер сауал қойғанда, бұл жерде негізгі мәселе жүлдеде емес, тек екі елдің татулығы, достығы жеңеді деп жауап бердім. Сөз жоқ, аталған игі шара сайыскерлердің өнерімен ғана шектелмейді. Мұндағы басты ұстаным сыртқы ынтымақтастық жалауының желбіреуінде болып тұр емес пе? Жүсіп Баласағұн атындағы ҚырМУ -де “Қырғыз-қазақ достық орталығының” бар болуы бізді қатты қуантты”, - дейді қуанышын жасыра алмай.

Осылайша, мамыр айының 26-сы білім ордамыздың тарихында алтын өріптермен жазылатын ерекше күннің бірі болып қалды. Қырғызстандағы Үлкен спорт сарайында өткен “Ана тілім - ана сүтім” атты фестиваль Н.Назарбаевтың сөзіне жазылған Б.Тілеуханның “Елім менің” әнімен салтанатты түрде аяқталып, барлық сайыскерлер достық жеңгені үшін төс түйістіріп, “Біз әрқашан да туыспыз, бауырмыз, біргеміз, нық болсын мәңгілік іргеміз!” деген ұранмен тарасып жатты. Алдағы уақытта осындай игі шаралар жалғасын табары сөзсіз деп қол бұлғап қошта-сқан қырғызстандықтардың бізге деген ыстық ықыласы екі ел арасындағы жарқын болашақты аңғартты.

Ыскақ ДҮЙСЕМБАЙҰЛЫ

## ДОСТЫҚ ЖЕҢГЕН ФЕСТИВАЛЬ



1 курс магистранты Азамат Қайролда мен халықаралық қатынастар факультетінің 4 курс студенті Жасұлан Дастенов қойылымда кейіпкерлердің бейнесін ерекше сомдап, қазылар алқасының ерекше назарына ілінді. Сондай-ақ, философия және саясат-

Жұмабек, Азамат Қайролда және Шертім Нұрдаулет секілді тапқыр әзілкерлер бар. Олардың екі ел достығын тақырып өзегі еткен әзілдері қазылар алқасының да, көрермендердің де көңілінен шықты.

Университетіміздің Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректорының орынбасары Гүлнар Әлібекқызы:

өзінен-ақ қонақ сыйлай білер жомарт мінездерін, ұлттық салт-дәстүр, кәде-жоралғыға деген беріктіктерін аңғартып жатты. Біз айыр қалпақты ағайындардың тандырдан жаңа шыққан бидай нанын-дай ыстық ықыластарына дән риза болдық. Бір анығы, аталмыш мәдени оқиға екі елдің білім ордаларының арасындағы достықтың ғана көрінісі емес еді. Бұл - желкесін ақшулан бұлт қасыған Алатауды жамбастап алып, төскейде малы, төсекте басы қосылған Манас пен Алпамыс ұрпақтарының бүгінгі тату көршілік саясатының да жарқын мысалы. Бізден барған делегацияны қабылдаған қазақ елшілігінде де осы тақырып өңгімеге өзек болды.

Фестивальдің салтанатты ашылуында сөз алған ҚазҰУ-

дің ректоры Т.Ә. Қожамқұлов мырза ұйымдастырылған шараның маңыздылығына кеңінен тоқталып, тек ана тілі арқылы ғана әр ел өзін әлемге паш етіп танытатынын баса айтты. Сонда ғана ұлттық сипатынан ажырамасына терендей бойлады. Осындай өнер жарыстарының елдік рухты сілкіндіріп, мызғымас достықты, бауырластықты арттыра түсерін тілге тиек етіп, келер оқу жылының басында көршілерімізді қонаққа шақырды.

Екі жоғарғы оқу орнының студенттері телефестивальдің бағдарламасына қызу дайындықпен келгендерін салтанатты жиналыстың бағдарлама барысында-ақ сездірді. Біздің университетімізден 30-ға жуық сайыскерлер өртүрлі номинация бойынша бақта-

рын сынап, “жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар” атанды. ҚазҰУ-ліктер алғашқы “Сөлемдесу” номинациясына шыққанда сахнаның екі шетінен фанфор ойналды. Біздің сайыскерлер қос мемлекеттің байрағын шаңыраққа іліп, жоғары көтерді. Сол сәтте “Махаббат” би тобы дайындаған “Сарыарқа” шығармасы орындалып, бірлік пен ынтымақтың шуағы шашылды. Одан кейін шабыты кеудесіне сыймай сахнаға суырылып шыққан Студенттер клубының қызметкері Оразәлі Досбосынов пен журналистика факультетінің магистранты Талант Арынғалилар екі ел арасындағы татулық-бауырластыққа жыр шашуын арнады. Ал “Манас жыры - баға жетпес байлығым” көрінісіне қатысқан тарих факультетінің

тану факультетінің магистранты Юрий Копнов Ш. Қалдаяқовтың “Отырардағы той” әнін шырқап, көрермендердің жүрегіне жол тапты. Өзге ұлт өкілі болып қазақ әнін шырқағанына қырғызстандықтар тандай қағып тамсанды. Әрі қарай фестивальді ажарландыра түскен “Қозы мен Баян” көрінісі және Н. Тілендиевтің “Аққу” күйі болды. Фестивальді жүргізген Мәншүк Мәмбетова мен Ғалымжан Сайлаубеков сайыскерлерімізді сахна төріне өдемі сөздерімен өрнектеп шақырып отыруы да әсерлі шықты. Фестивальдің екінші номинациясын “Бәрекелді” әзілкерлер сайысы жалғастырды. Бұл команда құрамында Ақылбек Досжанов, Нұрлан Қоянбаев, Марат Оралғазин, Жасұлан Дастенов, Әділет



## БҮГІНГІ

### САНДА:



**Казахский язык в Стране утренней свежести**

От классификатора специальностей к стандартизации высшего образования



Жаңа ереже - жаңа сапаға жетелейді

Сана - “Сардардың” саңлағы



2 стр.

3 стр.

6-бет

7-бет



ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

2004 жылдың 27 сәуірінде өткен Ғылыми Кеңестің кезекті мәжілісінде химия факультетінің жұмысы жөнінде факультет деканы Ж.Ә. Әбіловтің баяндамасы және комиссия төрағасы С.Т.Нұртазиннің қосымша баяндамасы, университеттің қаржы-шаруашылық қызметінің жай-күйі туралы Жалпы және өндірістік шаруашылық мәселелер жөніндегі проректор С.Т. Шалғымбаевтың, факультеттердегі және құрылымдық бөлімшелердегі өзгерістер жөнінде жауапты проректорлардың хабарламасы аталып өтті. Сонымен қатар, заң факультетінің жұмысы жөніндегі есебі бойынша факультет деканы Д.Л.Байділдаевтың, география факультетінің жұмысы туралы факультет деканы М.Х.Сәрсенбаевтың, қызыл диплом алуға үміткер бітіруші курс студенттеріне “Қазақстан тарихы” пәні бойынша мемлекеттік емтиханды қайта тапсыруға рұқсат ету жөнінде Оқу-әдістемелік басқармасы оқу бөлімінің бастығы А.М.Байділдаевтың ақпары тілге тиек болды. Сондай-ақ, эл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының кубогі үшін факультетаралық екінші спартакиадасының қорытындысы туралы “Парасат” кәсіподақ ұйымының төрайымы М.Т.Мұқашеваның, докторанттың есебін бекіту жөнінде биология факультетінің деканы Р.Е. Берсімбаевтың хабарламалары тыңдалды.

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

2004 жылдың 11 мамырында өткен Ректорат мәжілісінде жазғы сынақ-емтихан сессиясына дайындық жөнінде Оқу-әдістемелік басқарма бастығы Н.А.Асановтың, университетте көрсетілетін ақылы қызметтер жөнінде Жалпы және өндірістік шаруашылық мәселелер жөніндегі проректор С.Т.Шалғымбаевтың ақпары аталып өтті. Сонымен қатар, мамандықтар мен факультеттер бойынша ақылы бөлімде оқу ақысын бекіту туралы қаржы-экономикалық басқарма бастығы - бас бухгалтер М.Т.Рахымжанованың, қабылдау комиссиясының құрамы жөнінде Оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор Ж.Д. Дәубаевтың және “эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрметті профессоры” атағына ұсыну хақында халықаралық байланыстар қызметінің бастығы А.А. Нұрмагамбетовтің хабарламасы тыңдалды.

• Наши традиции

В честь Дня Победы

9 мая 2004 г. студенты и сотрудники КазНУ им. аль-Фараби приняли участие в традиционном легкоатлетическом кроссе, посвященном Дню Победы. В этот день в спортивном комплексе КазНУ собралось более 2000 студентов и преподавателей университета. Легкоатлетические забеги проводились на дистанциях 500 и 1000 м для девушек и 1000 м для юношей. В почетном праздничном забеге приняли участие руководители университета, деканы факультетов, а также сотрудники и преподаватели университета. Не захотели оставаться в стороне и ветераны, многие из них внесли свою “ветеранскую лепту”, пробежав круг почта со своими молодыми коллегами.



стандкском районе г. Алматы. В университете всегда помнят о своих ветеранах и окружают вниманием и заботой, оказывают материальную помощь. И в этом году, как обычно накануне праздника, ветераны встретились за праздничным столом в университетском Комбинате питания.

Участники почетного забега и победители кросса на разных дистанциях были награждены грамотами и ценными подарками от профсоюза “Парасат”, ежегодно выступающего инициатором этого массового мероприятия.

Заметим, что традиция легкоатлетического кросса, посвященного великому празднику Победы, в КазНУ сложилась более сорока лет назад. И активность в его проведении, которая исходит не только от ветеранов и преподавателей, но и от молодежи, свидетельствует о том, что молодые люди не равнодушны к истории своей страны и с почтением относятся к старшему поколению, победившему в Великой Отечественной войне.

А накануне Дня Победы ветеранов войны и труда чествовали в самом крупном университете страны. Совет ветеранов войны и труда КазНУ им. аль-Фараби самый многочисленный в Бо-

Они вспоминали военные годы, поднимали “фронтовые сто грамм” за тех, кто не вернулся с войны, пели фронтовые песни. Праздничный концерт, подготовленный студентами, памятные подарки и хорошее настроение подарили в этот день ветеранам в КазНУ им. аль-Фараби. Проректор Н.О. Омашев, академик З. Каболов и председатель профсоюза “Парасат” М. Мукашева, от имени университета выражая ветеранам слова благодарности, подчеркивали, что нынешнее поколение помнит и не вправе забыть их героический подвиг и ратный труд в годы войны.

Пресс-служба КазНУ



• Международные контакты

Казахский язык в Стране утренней свежести

С 19 по 26 апреля сего года мне довелось с ректором нашего университета Т.А. Кожамкуловым побывать в Республике Корея. В Сеуле к нам присоединился заведующий кафедрой корееведения Г.Н. Ким, который находится там в командировке с целью написания книги по истории зарубежных корейцев. В ходе визита мы приняли участие в торжествах, посвященных 50-летию Ханкукского университета иностранных языков – аналога российского МГИМО. Большинство из дипломатического корпуса Южной Кореи – выпускники этого престижного учебного заведения, в том числе Посол Южной Кореи в Казахстане Тэ Сок Вон.

В Ханкукском университете изучаются 35 языков мира. Примечательно, что с марта этого года открыто отделение казахского языка на кафедре Центральной Азии, на которое принято 22 человека. Одной из главных задач настоящего визита было ознакомление с началом работы этого отделения. Предварительная договоренность о включении казахского языка в учебные планы Ханкукского университета была достигнута 2 года назад. И вот, наконец, после преодоления всех бюрократических процедур, свершилось историческое событие, когда казахский язык стал изучаться за рубежом не одиночками-энтузиастами, а организованно, как регулярный курс университета. Данный факт является следствием поднятия престижа нашего государства на внешнеполитической арене, его геостратегического положения и большой роли в формировании нового Великого Шелкового пути.

Преподает казахский язык выпускник Ханкукского университета Сон Ен Хун, который шесть лет назад стал изучать казахский язык на подготовительном факультете КазНУ им. аль-Фараби и поступил в аспирантуру исторического факультета, проявив большой интерес к Казахстану, его истории, языку и культуре. Сон Ен Хун подготовил к защите кандидатскую диссертацию на казахском языке “Қазақстандағы ұлт мәселесі (тарихи этнологиялық зерттеу)”.

КазНУ им. аль-Фараби взяло шефство над новым отделением. Переданы учебники и учебные пособия по казахскому языку, истории Казахстана, CD-диски с видами Казахстана, казахскими песня-



ми. В дальнейшем студенты этого отделения приедут на стажировку в Алматы. Наш университет будет оказывать казахскому отделению методическую помощь и в будущем.

В г. Тэгу подписан договор о сотрудничестве с университетом Тэгу. Приоритет отдается подготовке докторов философии PhD.

Подписан договор с Кангвонским национальным университетом (протокол намерений был подписан в ходе предыдущего визита). Этот университет готов уже сейчас принять одного студента по информационным технологиям, но необходимо знание английского языка с результатом TOEFL не ниже 500. Расходы по обучению несет полностью корейская сторона.

Проведены переговоры с Президентом Кангнамского университета Шинил Еном и начальником международного отдела Бьенг Чан Чженом. Этот университет собирается открыть со следующего года

кафедру казахствоведения и уже обратился с инициативой в Минобразования Казахстана и Республики Корея. В ноябре прошлого года президент этого университета встречался с Президентом РК Н.А. Назарбаевым и презентовал книгу по истории Казахстана на корейском языке. Сейчас готовится договор о сотрудничестве, который будет подписан в Алматы в середине мая этого года.

Проведены переговоры с Послом Казахстана в Республике Корея Д.А. Бердалиевым, в которых были обозначены имеющиеся связи с университетами Кореи и возможные пути их расширения.

Визит был насыщен встречами и переговорами и оказался весьма результативным. Следует отметить, что успех был предопределен большой подготовительной работой, которая была проведена зав. кафедрой корееведения Германом Кимом, а также первым зав. кафедрой корееведения, основателем кафедры Филом Кимом, который в настоящее время работает профессором национального университета восточных языков Франции (ИНАЛКО) в Париже.

В заключение хочется сказать о том, что в Южной Корее для выпускников престижных университетов карьера облегчается тем, что выпускники одного вуза образуют сплоченную и иерархизированную (более ранние выпускники имеют преимущество перед поздними) корпорацию, члены которой оказывают друг другу немалую помощь в самых разных вопросах, но в первую очередь – в трудоустройстве и карьере. Особо относится это к питомцам примерно полудюжины ведущих университетов, каковым считается и Ханкукский университет иностранных языков, которые в больших количествах представлены в корейской деловой, политической и научной верхушке. Пенсионная принадлежность к такой корпорации, гарантированная уже самим фактом поступления в престижный университет, дает неоценимые преимущества на рынке труда.

А.А. НУРМАГАМБЕТОВ,  
начальник отдела  
международных связей

• Конференция

Болашақ кілті - білімде

Бауыржан Момышұлы: “Тіл дегеніміз – қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана емес бүрсүгінгі де тағдыры”, - деген. Ендеше, тілдің тағдырына жоғарғы жақта отырған басшыларымыздан бастап жас буын өкілдерін қосқанда бүкіл қоғам жауапты. Сондықтан да, әрбір қазақ жұрты, Қазақстанда тұрып жатқан барлық халық ең бірінші мемлекеттік тілін білуі шарт.

28 мамыр күні эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 70 жылдық мерейтойға арналған өзге ұлт өкілдері арасында “Мемлекеттік тіл – менің тілім!” атты студенттік ғылыми конференция болып өтті. Ғылыми конференцияның ашылу сөзін ҚазҰУ-дің Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Намазалы Омашев сөйлеп, келген қонақтарды таныстырды. Олардың арасында қалалық тіл басқармасының қызметкері — Оразов Сайлау, аудандық өкімшіліктің “Қазақ тілі” басқармасының мүшесі — Дадамбаева Алтын, “Ана тілі” ұлт газетінің тіл және этнография бөлімінің бастығы — Сабыржан Шүкірұлы, “Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде” журналы редакциясынан — Айнұр Бөлшекбаева, Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті тілдер кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы — Жақсылықова Күләй, Азаматтық авиация академиясы тілдер кафедрасының меңгерушісі, филология ғалымда-



рының кандидаты — Базаркүл Шәріпқызы бар. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, мемлекеттік тілде ғылыми шығармашылықты дамыту мақсатында университетте биыл екінші рет өткізіліп отырған бұл конференцияның ерекшелігі - орыс бөлімінде оқитын өзге ұлт студенттерінің мемлекеттік тілде баяндама жасауы болды. Конференцияға университеттің 13 факультетінен 30 өзге ұлт студенті қатысып, болашақ мамандығына, факультет, университет тарихы мен жетістіктеріне, қазақ тілі мәселелеріне байланысты

мемлекеттік тілде баяндама жасады. Жасалған баяндамалардың құндылығы мен өзектілігіне қарай конференция соңында арнайы орындар берілді. Бірінші орын үш студентке - Дэви Кирилл, Завьялова Марина, Денисеня Михалга бұйырды. Ал, екінші және үшінші орын иегерлері де арнайы дипломдармен марапатталды. Конференцияда жасалған үздік баяндаманы анықтау кезінде баяндамашының мемлекеттік тілді игеру деңгейіне, оқу, сөйлеу мәнеріне, тақырып мазмұнына ашыуна назар аударылды. Тағы бір айта кетерлік жайт, конференция шеңберінде “Мемлекеттік тіл - рухани бастауымыз!” атты арнайы кітап көрмесі ұйымдастырылды. Онда мемлекеттік тіліміздің дәрежесін көтеруде аянбай еңбек еткен Ахмет Байтұрсынұлының туындыларынан бастап бүгінгі Мемтерминком қызметкерлерінің жаңа ғылыми еңбектері орын алды.

“Бүгінгі студент – ертенгі маман” деп жатамыз. Ендеше, оқуға түсуші әрбір талапкерден мемлекеттік тілді білуін талап ету керек. Әсіресе, қазақ бөлімінде ана тілін білмей оқып жүрген шала-қазақтанған студенттер жығылып артылады. Белкім, аталған конференция қазақ жастары үшін сабақ болар.

Р.ӘБДІСАТТАРҰЛЫ





Действительно, за годы становления и развития независимого Казахстана в системе образования постоянно ведутся поиски путей повышения качества образования. Одним из условий выполнения этого важного приоритета является упорядочение и конкретизация Классификатора - перечня специальностей высшего профессионального образования. Министерство образования и науки республики совместно с учебно-методическими объединениями вузов осуществили модернизацию данного документа в соответствии с международными требованиями, рекомендованными ЮНЕСКО. Новый Классификатор создается в целях повышения качества подготовки специалистов, формирования основы для решения задач определения прогнозной потребности, регулирования приема и выпуска специалистов, интеграции системы высшего профессионального образования Казахстана в международное образовательное пространство, обеспечения сопоставимости образовательной статистики Казахстана и международных организаций.

В 90-е годы классификатор специальности неоднократно претерпевал трансформации в связи с изменением потребностей внутреннего рынка труда и социальными запросами общества.

Действующий ныне классификатор направлений подготовки и специальностей высшего профессионального образования, содержащий 284 специальности, 46 бакалаврских и 70 магистерских направлений подготовки был введен в соответствии с Международной стандартной классификацией образования в 2001 году.

Однако исследование этой проблемы показало, что излишняя детализация перечня специальностей не дала желаемого результата. Многообразие специальностей вызвало острую проблему востребованности выпускников высших учебных заведений вследствие узкой направленности их подготовки. Поэтому постоянно меняющийся спрос на специальности, возникновение новых требуют в настоящее время корректировки данного документа.

Недавно и в Российской Федерации также был утвержден новый Классификатор специальностей, который после неоднократного из-

В послании Президента народу Казахстана в качестве приоритета устанавливается повышение уровня образованности как фактора конкурентоспособности нации. Поэтому закономерно, что в данном документе ставится важная задача создания Национального центра оценки качества образования.



Ахметова Г.К. проректор по учебно-методическому объединению КазНУ имени аль-Фараби, д.п.н., профессор

ным грантам и кредитам не было разобщенности по специальностям. Таким образом, новые названия групп специальностей приведены в соответствие с Международной стандартной классификацией образования (МСКО).

Современное образование ориентировано на мобильность и изменчивость социальной и производственной деятельности, обеспечение возможности личности быстро менять сферу профессиональной деятельности. Высшая школа должна готовить специалистов с хорошими адаптивными способностями и умениями, высоким уровнем фундаментальности образования, адекватно реагировать на изменчивую конъюнктуру в политике, экономике, науке, рынке труда и т.п. Средством достижения этого является предоставление значительной автономии и академической свободы

дисциплин.

Магистратура в вузе направлена на вооружение специальными, более углубленными знаниями в конкретной отрасли. Поэтому в новом классификаторе предусмотрена именно "штучная" подготовка специалистов с учетом индивидуальных интересов. Здесь подготовка магистров обозначена только отраслью знания.

Определение образовательной программы становится прерогативой ВУЗа, а образовательная траектория каждого студента формируется исходя из его личных познавательных интересов. Таким образом, значительно расширяется автономность университетов, обеспечивая поступательное движение Республики к Болонскому процессу, тогда как ныне действующий Классификатор ограничивает возможности ВУЗа и студента в индивидуализации процесса обучения.

Классификатор является методологическим ориентиром подготовки специалистов высшей квалификации.

В процессе модернизации Классификатора были реализованы следующие принципы:

- унификации образования;
- фундаментализации образования;
- усиления вариативности;
- индивидуализации обучения.

Документ повлечет за собой и изменение всех государственных общеобразовательных стандартов образования. Министерством образования и науки будет проводиться конкурс на разработку государственных стандартов образования. Уже сегодня ясно, что они должны быть направлены на усиление фундаментальности образования, индивидуализации обучения, создание условий для значительного расширения возможностей преподавателей и студентов. Участие в конкурсе коллектива университета обязательно. Именно поэтому уже сейчас необходимо начать работу над новым поколением государственных стандартов.

Содержание и качество Классификатора специальностей, государственных стандартов образования обеспечивают адаптированность и мобильность будущих специалистов к условиям конкурентоспособной экономики Республики Казахстан в полном соответствии долгосрочной стратегией "Казахстан 2030".

## От классификатора специальностей к стандартизации высшего образования

менения имеет принципиально отличную структуру. Сегодня Классификатор России включает 28 направлений. Каждое направление имеет перечень специальностей с учетом потребности регионов в кадрах.

В целях успешной реализации реформы в области образования осуществляется переход к кредитной системе обучения, усиление внимания к качеству подготовки специалистов. Изменение перечня направлений подготовки специалистов вызвано и этими факторами, а также стремлением к созданию единого образовательного пространства, реализацией Лиссабонской конвенции, взаимной конвертируемости дипломов и гармонизацией с Международной стандартной классификацией образования (МСКО). Как известно, наш университет подписал Болонскую Хартию европейских университетов, что дает возможность в образовательной и научной сфере глубже интегрироваться в мировое сообщество.

В целом проблему модернизации Классификатора специальностей следует рассматривать в контексте общего процесса модернизации

образования в мире и в Республике Казахстан.

В этой связи Классификатор специальностей нами трактуется как отражение в идеальных моделях конечных результатов образования, обеспечивающее целостность профессиональной компетентности будущего специалиста. В современных стратегических документах провозглашается переход от модели "образование для всех" к модели "образование по выбору" или же от модели "образование на всю жизнь" к модели "образование на протяжении всей жизни". Именно эта новая модель учитывается министерством образования и науки, учебно-методическими объединениями вузов республики как приоритет в создании нового Классификатора специальностей и его научного обоснования.

В ходе разработки Классификатора были приняты во внимание также многоуровневая система образования. В документе все родственные и одноименные специальности объединены в крупные специальности. Это сделано для того, чтобы при размещении государственного заказа по государствен-

вузов. В рамках соответствующих специальностей как бакалавриата, так и магистратуры, вузам предоставляется право вводить соответствующие специализации в пределах вузовской вариативной компоненты. Структура специальностей составлена с учетом опыта построения и деятельности отечественной системы образования и в определенной мере отвечает требованиям, принятым мировым сообществом.

При работе над новым Классификатором одним из главных аргументов было то, что в последние годы в ряде вузов произошло вытеснение фундаментального содержания образования, его замены спецкурсами на профилирующих кафедрах, нередко дублирующих друг друга, различающихся только названиями. В результате узконаправленной профессиональной подготовки снижается социальная защищенность выпускников вузов при изменениях конъюнктуры рынка труда. Поэтому принципиально важно в процессе разработки правового и нормативно-методического обеспечения образования предусмотреть введение наиболее оптимального блока фундаментальных



Алексей Швыдко, начальник ИАО КазНУ

## МЫ РАБОТАЕМ В КОНТЕКСТЕ НОВОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ

Прошел год со дня организации, согласно Приказу ректора Т.А. Кожамкулова № 3-1842 от 31 марта 2003 г., Информационно-аналитического отдела университета. Он был создан в соответствии с поручением Администрации президента РК по Плану действий по организации системы работы в сфере внутренней политики и последующими решениями Министерства образования и науки РК.

Этими документами было определено, что в ведущих вузах Казахстана с целью повышения уровня работы высших учебных заведений по осуществлению реформирования национальной системы образования республики, решению стратегических вопросов, связанных с развитием обучения и научно-исследовательской работы в высшей школе, реализации молодежной политики в РК создаются специализированные информационно-аналитические отделы, находящиеся в непосредственном подчинении первых руководителей вузов.

По утвержденному ректором университета Положению об отделе, основными направлениями его деятельности являются: 1) аналитико-информационная работа по реализации Программы "Казахстан-2030", задач, поставленных в ежегодных Посланиях Президента Н.А. Назарбаева народу Казахстана в области внутренней и молодежной политики, реализации образовательных стратегий в Республике Казахстан с опорой на опыт деятельности КазНУ; 2) социология и экспертный анализ стандартов и моделей социального поведения студенческой молодежи; 3) подготовка материалов справочно-информационного и аналитического характера о деятельности университета в области высшего образования, науки и международного сотрудничества; 4) практика укрепления позитивного имиджа университета и ряд других задач.

В плане работы отдела - не только про-

сы, отраженные в перечисленных аспектах, но и проведение самостоятельных мониторинговых социологических, социально-политических, социально-психологических исследований; реализация собственных грантовых проектов; сотрудничество с департаментами и отделами внутренней политики, образования, науки и культуры акиматов г. Алматы и Бостандыкского района; сотрудничество с аналогичными подразделениями других вузов города и республики; привлечение к исследованиям волонтеров из числа студентов-социологов, политологов, психологов, философов; сотрудничество с молодежными студенческими организациями КазНУ. Эти планы и направления дальнейшей деятельности ИАО поддержаны руководством Университета.

Отдел является новым, не имевшим прежде аналогов, структурным подразделением ректората. Руководство университета предприняло все необходимые шаги, связанные с организацией и началом работы ИАО: были определены штаты, круг вопросов, подпадающих под компетенцию нового подразделения, разработаны и утверждены Положение об отделе и должностные инструкции его сотрудников, обеспечено техническое оснащение.

В течение первого года своей работы ИАО в тесном сотрудничестве с другими управлениями и подразделениями ректората участвовал:

■ в проработке положений Проекта Концепции дальнейшего развития национальной системы образования РК;

■ в разработке и обосновании Концепции создания элитных университетов в нашей стране, Положения об элитных университетах, которые будут создаваться в соответствии с поручениями Президента РК Н.А. Назарбаева, данными в контексте Послания Президента народу Казахстана от 4 апреля 2003г., и задачами, поставленными главой нашего государства в Послании народу Казахстана 19 марта 2004 г.;

■ в подготовке и издании брошюры по проблемам состояния и перспектив подготовки докторов наук - PhD и кредитной технологии обучения;

■ в подготовке материалов к заседаниям Евразийской ассоциации университетов и Международной научно-практической конференции, посвященной 250-летию МГУ им. М.В. Ломоносова;

■ в подготовке информационно-аналитических материалов для МОиН РК, акимата г. Алматы и акимата Бостандыкского района, Комиссии ПРООН в Казахстане, МИД РК и т. д.;

■ в подготовке материалов по заданиям руководства университета для ряда ведущих информационно-аналитических и общественно-политических изданий, к числу которых относятся, например, отечественные журналы "Столичный образование", "Вестник высшей школы", газеты "Казахстанская правда", "Новое поколение", а также российские издания, такие, как, например, Федеральный справочник по высшему образованию (издание Администрации Президента РФ), журналы "Родина", "Россия. Третье Тысячелетие: Вестник актуальных прогнозов" и т. д.

В рамках программы "Год Казахстана в России" по поручению ректора Т.А. Кожам-

кулова отдел готовил материалы о выпускниках Новосибирского и Томского государственных университетов, работающих ныне в КазНУ, о наших коллегах, сотрудничающих с этими крупными образовательно-научными центрами России, а также с НИИ Сибирского отделения Российской Академии наук.

Затем по инициативе Толегена Абдсагитовича, используя собранные материалы, отдел приступил к подготовке сборника "Люди и судьбы", в котором представлены автобиографии и воспоминания преподавателей и сотрудников КазНУ - выпускников ведущих российских университетов и некоторых региональных вузов. В настоящее время работа над книгой, издание которой включено в план публикаций к 70-летию КазНУ, в основном закончена и первая верстка представлена на рассмотрение главной редакции юбилейных изданий.

С момента создания ИАО все его сотрудники участвуют в реализации плана подготовки и проведения университетских юбилейных мероприятий. Так, например, 4-5 декабря 2003г. в университете под эгидой ЮНЕСКО прошла Международная научно-практическая конференция "Роль университетов в развитии цивилизации в XXI веке", посвященная 70-летию КазНУ, в которой отделу была определена функция секретариата, ответственного за ряд вопросов ее организации, а также подготовка сборника материалов. В ближайшее время эта книга выйдет в свет. Отдел подключен также к подготовке материалов трехтомной Летописи университета, специализированного Информационного вестника и некоторых других изданий.

В отчетном докладе ректора Ученому совету КазНУ по итогам 2002-2003 учебного года и о задачах на 2003-2004 учебный год, в Постановлении Ученого совета, принятом по данному вопросу, были четко определены вопросы, которые предстоит решать отделу. Понимая степень их важности, сотрудники стремятся к тому, чтобы деятельность нашего подразделения была достойным вкладом в реализацию тех задач, которые стоят перед коллективом университета, по праву являющегося флагманом высшей школы и вузовской науки Республики Казахстан.





● М.И. Усанович - 110

## ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

Аты әлемге әйгілі ғалым, химия ғылымдарының докторы, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, профессор Михаил Ильич Усановичтің туылғанына 110 жыл толуын бұл күндері өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, химия факультетінің студенттері мен профессор - оқытушылары, факультеттің бұрынғы түлектері, бүкіл химиктер қауымы құрметпен атап өтуде.



М.И. Усановичтің өмір жолынан қысқаша мәлімет бере кететін болсақ, ол 1894 жылдың 16 маусымында Житомир қаласында дәрігердің жанұясында туылған. 1912 жылы гимназияны бітірген соң Киев университеті физика-математика

факультетінің жаратылыстану бөліміне түсіп, оны 1917 жылы бітірген. Содан кейін Украина Ғылым академиясында академик В.И.Вернадскийдің биохимия лабораториясында жұмыс істейді. 1919 жылы Қызыл Армия қатарына алынып, әскери борышын өтегеннен кейін, Украинадағы әскери-саяси мектепте химиядан сабақ берді. 1924-1928 жылдары Киев политехника институтында академик В.И. Плотниковтың басшылығымен ғылыми қызметкер, ал 1929 жылы Томск мемлекеттік университетінің аналитикалық химия кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарды. Сонымен қатар, Сібір физика-техникалық институтында аға ғылыми қызметкер жұмысын қоса атқарып, онда физикалық химия лабораториясын ашты. Михаил Ильич осы кезден бастап ғылыми жұмыспен жүйелі түрде айналыса бастайды.

Ол 1935 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетіне шақырылып, онда химия кафедрасының меңгерушісі, содан соң химия факультетінің деканы, университет жанындағы химия институтының ректоры болып тағайындалды. Мұнда ғылыми-зерттеу жұмыстарын әрі қарай жалғастырып, химиялық ерітінділерді, соның ішінде сусыз ерітінділерді зерттеу саласында бірқатар жетістіктерге жетеді.

Әйгілі химик 1944-1981 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті химия факультетінде физикалық химия кафедрасының меңгерушісі және кафедра жанындағы проблемалық лабораторияның жетекшісі болды.

М.И. Усановичтің сусыз ерітінділерді зерттеу жұмыстарын бір-біріне байланысты үш тарауда бөліп қарастыруға болады. Олар ерітінділердің химиялық теориясы, физика-химиялық анализ және қышқылдар және негіздер теориясы.

Ерітінділердің химиялық теориясында ерітінділер туралы 19-шы ғасырда қалыптасқан бірсыпыра қағидалар қайта қарастырылады. Мысалы, ерітінді түзілуі тек физикалық процесс емес, сонымен қатар заттардың химиялық әрекеттесулерінің нәтижесі болатыны дәлелденді.

Белгілі ғалым Н.С.Курнаков негізін салған физика-химиялық анализ теориясын Усанович өз еңбектерінде әрі қарай дамытып, бұл салада көптеген заңдылықтар ашты.

Ерітінділер табиғатын зерттеуге арналған теориялық және эксперименттік жұмыстарының нәтижесінде 1938 жылы Усанович қышқылдар және негіздер теориясын ұсынды. Бұл теория "Қышқылдар мен негіздердің жинақталған теориясы" деп аталады. Онда "Қышқыл" және "негіз" дейтін химиялық ұғымдардың 19-шы ғасырда қалыптасқан біржақтылығы түсініктері жан-жақты кеңейтіліп қарастырылды. Усановичтің қышқылдар мен негіздердің жинақталған теориясы Кеңес одағының және шетел ғалымдарының қолдауын тапты. Осы теорияның негізгі қағидалары химия, биология, геология, минерология, металлургия сияқты ғылымдар үшін өте пайдалы болды. Мәселен, осы ғылымдардағы қышқылдық-негіздік процестерді түсіндіруге үлкен ықпал жасады.

Сөйтіп, ғылымдағы қолы жеткен зор жетістіктері үшін Усановичке 1938 жылы диссертация қорғамай-ақ химия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді. 1946 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, ал 1962 жылы академигі болып сайланды. Бірқатар одақтың және республикалық Ғылыми Кеңестерінің, неміс, Америка химия қоғамдарының мүшесі болып қоғамдық қызметтер атқарды.

Ғылым, білім және қоғамдық жұмыстағы ерен еңбектері кезінде жоғары бағаланып, үш мәртебе Еңбек қызыл Ту орденімен, Қазақ ССР және Өзбек ССР Жоғары кеңестерінің медальдарымен, құрмет грамоталарымен марапатталды. Өзбек және Қазақ ССР-інің еңбегі сінген ғылыми қайраткері деген құрметті атаққа ие болды. Сонымен қатар, шетел ғалымдары тарапынан да ол кісінің еңбектері жоғары бағаланды. Мысалы, Подедам педагогикалық институтының сенаты химия ғылымдарындағы жетістіктері үшін құрмет белгісімен марапаттаған.

Құрметті ұстазды мәңгі есте сақтау мақсатымен қазір ҚазҰУ-дің химия факультетінде Усанович атындағы дәрісхана жабдықталған. Бұл дәрісханаға келген студент жастарға Михаил Ильичтің бұрынғы шәкірттері - қазіргі доцент, профессорлар ғұлама ғалым туралы әңгімелеп, еске түсіріп отарады. Химия факультетінде физикалық химия кафедрасын 37 жыл бойы басқарып, жастарды ғылымға, білімге тәрбиелеген ұлағатты ұстазымыз жүрегімізде мәңгі сақталады.

Г.Х. ШӘБИКОВА, профессор

Көрнекті ғалым-ұстаз Алтай Сәрсенұлы Аманжолов 1934 жылы 2 маусымда Алматы қаласында дүниеге келді. Ол 1957 жылы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін "Түркі филологиясы" мамандығы бойынша бітіріп, кейіннен аспирантурасына түсіп, 1963 жылы профессор В.М. Насиловтың жетекшілігімен кандидаттық диссертацияны ойдағыдай қорғады.



● А.С. Аманжолов - 70

курстары бойынша лекциялар оқыды. Ол Қазақтың тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының құрметті мүшесі, көне жазу және фольклор секциясының алғашқы төрағасы (1976-1988), Қазақстанда көне түркі жазу ескерткіштерін ашу, насихаттау, зерттеу жұмысының көшбасшысы.

Ғұлама ғалым, қоғам қайраткері Алтай Сәрсенұлы Қазақстан Республикасының гуманитарлық ғылымдар академиясының толық мүшесі,

## Түркітану ғылымының төресі

Алтай Сәрсенұлы 1957-1960 және 1964-1966 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясында қызмет етеді, 1966-1979 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар институтының қазақ тілі кафедрасында жұмыс істейді. 1975 жылы "Көне түркі жазуының тарихы бойынша деректер мен зерттеулер" тақырыбында докторлық диссертация қорғады.

1979 жылдан бері А.С. Аманжолов өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде алдыңғы қатарлы профессорлардың бірі.

Мерейтой иесі түркі тілдерінің тарихи грамматикасы мен көне түркі жазуы тарихының санаулы мамандарының санатында. Ғалымның түркі филологиясы мен тіл білімі бойынша екі жүзге тарта еңбегі жарық көрді. Ол 1986-1987 оқу жылы Қытай Халық Республикасындағы Пекин университеті жанынан ғылыми дәрежесін көтерді. 1993-1994 оқу жылы Түркияда ғылыми сапармен жүріп, Қаратөңіз техникалық университетінде "Қазіргі қазақ тілі" және "Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы"

университеттің филология факультетінде диссертациялық кеңестің төраға орынбасары. Ол филология ғылымдарының 17 кандидатын, 1 докторын дайындады.

Көрнекті ғалым, атақты түркітанушы, профессор Алтай Сәрсенұлы Аманжоловты 70 жылдық мерейтойымен құттықтап, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс тілейміз.

Шәкірттері:

Р.А. Авакова, ф.ғ.д., доцент,  
Г.Б. Мадиева, ф.ғ.к., доцент

● Е.У. Жамалбеков - 70

## ТОПЫРАҚТАНУ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ

2004 жылдың мамырында танымал қазақ топырақтанушысы, эколог-ғалым, ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, профессор, Қазақтың "Экология" халық академиясының академигі Есбол Үсенбекұлы Жамалбековтің жасы 70-ке, ал ғылыми-педагогикалық қызметіне 50 жыл толды.

Есбол Жамалбеков 1934 жылы мамырдың 17-сінде Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданына қарасты Кершетас ауылында дүниеге келді. Осы ауылдағы бастауыш мектепті, Жиынбай ауылында жеті жылдық мектепті, ал 1951 жылы Балықшыдағы онжылдық мектеп-интернатты күміс медальмен бітірді. Ол осы жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің биология-топырақтану факультетінің топырақтану бөліміне оқуға түседі. Университеттің алғашқы курстарында оқуда үздік табыстарға жетіп, факультеттің, университеттің қоғамдық жұмыстарына белсене араласты. Сол себептен де оны 1954 жылдың жазында университеттің 3 курстан соң өтетін өндірістік тәжірибесін Мәскеудегі Бүкілодақтық ауылшаруашылық жетістіктері көрмесінде өткізуге жібереді. Ол көрмеде мемлекеттік маңызы бар жауапты тапсырмаларды атқарды. Осы жылы Мәскеуде көрмеде өткен жарты жылдық өндірістік тәжірибесін Е.Жамалбеков өзінің кейіннен маман-топырақтанушы болып қалыптасуында нағыз өмірлік мектеп болды деп айтады. Көрмеде ол Бүкілодаққа танымал академик Н.В.Цицын, Т.Е.Мальцев, Ы.Жақаев, Ж.Куанышбаев секілді ғалымдар мен ауылшаруашылығының ірі өкілдерімен кездесті, әңгімелерін тыңдады.

Е.У.Жамалбеков 1956 жылы университетті "топырақтану" мамандығы бойынша "өте жақсы" бағаға бітірді. Мемлекеттік емтихан комиссиясының аспирантураға қалдырылсын деген шешіміне қарамастан, ол Петропавл қаласында орналасқан Қостанай-Петропавл топырақ таңдау экспедициясына инженер-топырақтанушы қызметіне жолдама алады. Осы экспедиция құрамында іздестіру-зерттеу жұмыстарын жүргізген ол, Көкшетау, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының аумағында ұйымдастырылған 12 кеңшар жерлерінің топырақ карталарын жасады. Еңбекте жеткен жетістіктері үшін оны 1957 жылдың 14 қаңтарында Солтүстік Қазақстан облысы комсомол комитетінің Құрмет грамотасымен және Мәскеудегі Бүкілодақтың ауылшаруашылық көрмесінің медалімен марапаттады.

Е.Жамалбеков 1966 жылы Қазақ топырақтану институтының аға ғылыми қызметкері болып сайланды және Маңғыстау экспедициясының басшылығына тағайындалды. Бұл аралықта Е.У.Жамалбеков Маңғыстау түбегінің топырақ-мелиоративтік жағдайларын кеңінен зерттеді.

Е.Жамалбеков 1991 жылы өл-Фараби

атындағы ҚазМУ-дің география факультетіне ұстаздық қызметке шақырылады және ол алғашында доцент, ал 1995 жылдан профессорлық қызметін атқарады.

1995 жылы Е.Жамалбековке геоэкология мамандығы бойынша профессор атағы берілді және сол жылы Қазақтың "Экология" халық академиясының академигі болып сайланды.

1996 жылы ол өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің экономикалық және әлеуметтік география кафедрасының профессоры болды. Осы соттен бастап Е.Жамалбеков оқу құралдарын жазумен белсенді түрде айналысып келеді. "Топырақтану және топырақ географиясы мен экологиясы" оқу құралы 1997 және 2000 жылдары қазақ тілінде екі рет басылып шығып, 2003 жылы электрондық жүйеге енгізілді. Сондай-ақ, "Жер кадастры" оқу құралы қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді.

Ол бүгінде өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қазақ Ғылым академиясының география институты жанындағы біріккен ОД 14А.01.37-география ғылымының докторлық дәрежесін қорғау диссертациялық кеңесінің мүшесі.

Е.Жамалбеков жеке және авторлармен бірлескен 300-ден астам ғылыми еңбектердің авторы, оның ішінде 10 монография, 6 оқу құралдары, 8 кітапшала және де басқа ірілі-ұсақты ғылыми мақалалар бар.

Қазіргі таңда мерейтой иесінің творчестволық әлеуеті мен қуаты мол, жоспарларға және жана идеяларға бай. Біз оның отбасына амандық, деніне саулық, шәкірттер тәрбиелеу ісінде абырой-бедел тілейміз.

Ж.Достайұлы, г.ғ.д., профессор  
А.Темірбеков, г.ғ.к., профессор

● Р.Х. Ибрашева - 60

## Прекрасная должность на Земле - быть человеком!

2 июня 1944 года в Алма-Ате в семье демобилизованного по ранению фронтовика Хасана Ибрашева и студентки филологического факультета Хабибы Садыровой родилась девочка и назвали ее Райхан.

Хасан Ибрашевич пришел в КазГУ им. С.М. Кирова в суровом 1943 году и здесь прошел длинный путь старшего преподавателя кафедры математического анализа, помощника проректора университета по учебной работе, декана физико-математического факультета (затем механико-математического факультета), заведующего кафедрой высшей алгебры. Профессор Х.И. Ибрашев был выдающимся ученым, основателем математической школы Казахстана.

Хабиба Садыровна, добрейшей души человек, прекрасная хозяйка уютного домашнего очага, вырастила и воспитала четверых детей. Райхан Хасановна, наш юбиляр, - доктор химических наук, профессор; брат Махамбет - выпускник физического, а сестра Жания - химического факультета КазГУ им. С.М.Кирова, кандидат химических наук,

сестра Асия окончила Московский музыкальный институт им. Гнесиных.

Деятельность Райхан Ибрашевичей как ученого-химика, преподавателя хорошо известна в химическом мире, в связи с ее юбилеем будет издана библиография. Во многих регионах Республики Казахстан, России и дальнего зарубежья успешно трудятся ученики профессора Р.Х. Ибрашевичей, с благодарностью вспоминая своего наставника.

Нет области человеческих знаний, которые недоступны ей: литература и история, физика и математика, архитектура и археология, биология и религия - все и обо всем знает наша Райхан Ха-



сановна.

И это не случайно: окружение, в котором росла и формировалась профессор Р.Х. Ибрашева, - это цвет мировой науки и интеллигенции.

Имена математиков-академиков Г.И.Марчука, М.А. Лаврентьева, С.Л. Соболева, А.Д. Тайманова, К.П. Персидского, О.А. Жаутыкова, У.М. Султангазина, профессоров В.Х. Харасакхала, Х.И. Ибрашева, А.З. Закарна, биологов-академиков Т.Б. Дарканбаева, Г.З. Бияшева, М.А. Айтхожина, филолога-академика Н.С. Сауранбаева, экономиста-академика С.Б. Баишева, энергетика-академика Ш.Ч. Чоккина, музыканта-академика А.К. Жубанова, химиков А.Б. Бектурова, Т.К. Чумбалова, Е.А. Азербайбаева, Б.А. Беремжанова говорят сами за себя. Ее среда и семья.

У нее прекрасная семья: супруг С.А. Айтхожин - кандидат физико-математических наук, ведущий научный сотрудник Института радиоэлектроники РАН (г. Москва), старшая дочь Дана учится в аспирантуре в г. Москва, она занимается молекулярной биологией, дочь Дамеля - юрист компании "Раимбек Боттлерс".

"Воспитать самого себя. Увидеть лучшее! Увидеть лучших из лучших и пойти за ними!" - таково жизненное кредо Р.Х. Ибрашевичей.

М.А. СУЛЕЙМЕНОВ,  
докторант, к.х.н., доцент





Қазақтар үшін бүгінгі таңда екі нәрсе өзекті болып отыр. Біріншісі – БАҚ-та қанша айтылып жүрсе де, оң шешімін таба алмай, нәтижесіз қалып жүрген қазақтың рухани төл дүниелері – ұлттық салт-дәстүрі мен тілі, ділі, діні. Бұл тақырыптың аясында ұлттық құндылықтарға жанашыр болып шырылдап келген ағартушы А.Байтұрсыновтың “Масасындай” ызындап маза бермеуден басқа амалы таусылған сыңайлы. Ең болмаса, айту мен жазудың нәтижесі көпшіліктің санасына қозғау салып, көкірек көзінің ашылуына сеп болар деген үмітке иек артқандай. Екіншісі – әлемдік деңгейде өзектілікке айналып, зиялы қауым мен оқыған азаматтардың жанын жабырқатып отырған – жаһандану мәселесі.



Зейнолла САЛҚЫНБАЕВ,  
филология ғылымдарының  
кандидаты

# ӨЗЕКТІ ЕКІ МӘСЕЛЕ

Экономикалық мүдде тұрғысынан жаһандандудың еліміз үшін пайдасы жиі айтылып жүр. Бірақ, таяқтың екі ұшы болатынын естен шығармаған жөн. Өйткені, бұл дүлейдің күшінен халық саны көп, рухани жағынан әбден қаруланған Иран, Араб елдері де айылдарын жиып, ашық-тесігін қымтап жатқанда, саны аз, өз жерінде тұрып өзінің мәдени құндылықтарына қол жеткізе алмай отырған қазақ секілді рухани әлсіреп тұрған елдің мысықпен алысқан тышқандай дәрменсіз күйде қалуы ықтимал. Яғни, ұлттық дінгеі шайқалып тұрған халықтың жаһандандуды айдаһар саясаттың тамағынан оп-оңай жұтылып кету қаупі төніп тұр.

Қазаққа Алланың мейірімі түсіп, тұрмысы үшін ұлан-ғайыр жер, сарқылмас байлық, таусылмас қазына бергеніне сөйкес, дархан мінез, шұрайлы да бай тіл, тәрбиелік мәнге толы салт-дәстүр мен өнегелі өнер сияқты рухани жағынан да жомарттық жасағанына тәубе демеске шара жоқ. Тек осы саф алтындай, еш дүниемен салыстыруға келмейтін рухани байлығымызды қадірлеп, қасиеттеу жағы өлсіздігі жанға батады. Өз елімізде тұрып, ұлттық идеологияны ашық түрде насихаттаудан, оны мақтаншыпен дәріптеуден жасқанамыз ба, әлде аландаймыз ба, әйтеуір ұлтымызды өзге ұлттан артығырақ көріп, оның мәдениеті мен дәстүріне деген сүйіспеншілігімізді негізгі мәселе етіп қоюдан қашақтаймыз да тұрамыз. Әлемдегі дамыған мемлекеттердің ұлттық идеологияны берік және оны басты назарда ұстайтыны Қазақстанға неге үлгі болмайды? Отаны мен ұлтын сүю, оның мәртебесі үшін күресу кез-келген адамның азаматтық парызы болуға тиіс емес пе?

Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізген 1991 жылдан бастап, бағытынан адасқан жолаушыдай, қай кемеңнің құйрығынан ұстарын білмей, әр тарапқа бір үңілгендігі көпшілікке белгілі. Даму жолын таңдап, жаңа бағытқа бой түзегенше 1995-1999 жылдар аралығында халық өте ауыр күй кешті. Құдайға шүкір, соңғы жылдары аурудың беті қайтып, халықтың тұрмысы біршама түзеліп қалды. Яғни, ашқан қарынды тойдырып, сынған арбаны қалпына келтіруге болады екен. Ал, назардан тыс қалған рухани дүниелеріміз болса мүсіркеуге лайық күйге жетті.

Бұл мәселеде өз ана тіліне қарсы шыққан кейбір “халық қалаулылары” мен өз ұлтының мәдениеті мен дәстүріне, ділі мен тіліне пысықырып та қарамайтын қала жастары көңілге қаю түсіреді. Қазақ тілінде сөйлеп, қазақ мәдениетін ұстануды көштен қалу, қор болу деп санайтын бұл толқыннан рухани жағымыздың мерейін асырар деп үміттену, қасқырға қойды сеніп баққызынмен бірдей.

Қазіргі кезде ауыл жастарына қарағанда, қала жастарының лауазымды орындарға жайғасуда жолы болғышак. Өзінің білімі мен білігінің арқасында жоғары лауазымдарға жету мүмкіндігі қалта мен танысқа қараған мына заманда ауыл жастарына

қиынға соғары сөзсіз. Өйткені басшы да, әкім де, бай да қалада. “Генералдың өз баласы бар” дегендей бұлар өз балаларына оқу бітірер-бітірместен жылы орын дайындап қояды. Яғни, рухани ұлттық сөлі жоқ қазіргі балабақшалар мен мектеп қабырғасындағы орыс пен батысша тәрбиеленіп келе жатқан қаланың мөңгірт жастары 2030 жылғы мемлекеттің болашағы болады деген сөз. Тілсіз, мәдениетсіз, ұлтсыз қалай Барыс елі боламыз?

Елді басқарып, данағөй болып отырған кейбір қалаулылар мен шенеуніктердің “қазақ тіліне толық көшуге әлі ертерек, он-он бес жылдай уақыт керек” дегенде қай бастамасына, қай болашаққа, кімге сеніп, неге сүйеніп айтып отырғандары түсініксіз. Нәтижесін күтіп отырардай нақтылы қандай іс-шаралар жасалып жатыр? Солар айтқандай, жоғарыдағы көзге аман жастардың он-он бес жылдан соң бірден қазақ тілінде сөйлеп кетуі күмәнді. Осыған байланысты ата-анасының ұлттық мектепте оқытпағаны үшін ұлттық дүниелерден мақрұм қалған жастардың “ешқандай кінәсі жоқ” екені ескеріліп, қазақ тіліне көшу мәселесі тағы да созылып кетіп жүрмей ме деген ой бой көтереді.

Қазақта “он үшінде отау иесі”, “болар бала он бесінде баспын дер, болмас бала отызында жаспын дер” деген қанатты ұғым бар. Өз алдымызға ел болып, егемендік алғанмызға да он үш жыл толыпты. Енді, әкесінің қолына қараған баладай қашанғы жас болып жалтақтап жүрмекпіз. Қоғамдағы жағдайларға үңілсек, рухани дүниеміз жақындаудан гөрі, күннен күнге халықтан алыстап бара жатқан сыңайлы. Бұл шабандығымен “болжаушыларымыз” айтқандай он-он бес жыл емес, жүз жыл өткенде де өлі ертерек болары хақ. Бұны, бір ұлттың өз отанында моральдық құқығын аяққа таптау деп ұғынуға болады. Осыған бел шешіп кірісер жампоз ақын Махамбет айтқандай “Қара нар керек болды”. “Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы” деген халық арын жоғалтпауға, барынан айрылмауға жанын салатын шығар...

Ал, екіншісі – әлемді аландатып отырған жаһандану процесі. Бұл тақырып төңірегінде де әңгіме аз қозғалып жүрген жоқ. Түптің-түбінде үлкен тартысқа алып баратын өзекті мәселе екені даусыз. Бүгінде, еліміздегі зиялы қауымның назарын, тұралап қалған ұлттық мәдени құндылықтарымыздың жағдайы қатты аландатып отырғаны байқалады. Себебі рухани дүниелеріміздің іргесін қымтап, дінгеігерін беріктетіп алмай, жаһандануға төтеп беру мүмкін емес. Өзге халықтар рухани дүниесін тек жаһанданудан аман алып шығуды мақсат тұтса, бізге, екі дауылға емендей иілмеуге тура келеді. Біріншісі – жоғалуға жақындаған ұлттық рухани дүниемізді екі аяғынан тік тұрғызу, екіншісі – оны жаһанданудан аман алып шығу.

Жалпы, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында

татар мен башқұрт оқығандары түркі жұртын жақындату, біріктіру мәселесіне ерекше мән беріп, осы мақсатта біршама жұмыстар жасаған көрінеді. Оны сол кездегі діни-ағартушы ақындардың жазып қалдырған кітаптарына ерекше назар аударып, шығармаларының тілінің түсініксіздеу болуының сырына үңілген ғұлама ғалым Б.Кенжебаевтың, “Бұл кездегі кітап жазушылардың көбі және кітап бастырушылар татар, қазақ, башқұрт, өзбек тағы басқа халықтардың сөздері араласа берсе, діни сөздер көп қолданылса, кітап, газет түркі тектес халықтарға түсінікті, жақын болады; осыдан жалпы түркі тілі жасалады деп ойлады”, – деген пікірінен байқауға болады. Өресі биік ғалымның бұл пікірін қаншама еңбек пен зерттеулерінің нәтижесінде жасалған ой-тұжырымы деп түсінген абзал.

Жаһандануға өзге елмен бірігіп қарсы тұрмасақ, жеке қауқар көрсете алмаспыз анық. Бұл орайда славян халықтарымен экономикалық мүдде бойынша одақтасқанымызбен, рухани тұрғыда тізе қосып, болашаққа сеніммен қадам басу мүмкін емес. Өйткені, қазақ пен славян халықтарының рухани ортақ мүддесі жоқ. Ал, жаһандану процесінің мақсаты – экономикалық байланыс, рухани байланыс деп бөліп жармай, ортақ бір нүйсеге жұмылдыру. Яғни, ұлттық ерекшелікті жойып, рухани өзекті тұншықтыруға бағытталған.

Ал, түркі жұртшылығымен рухани жағынан бірігіп, дініміз бен ділімізді беріктетсек, қандай да үлкен толқындардың соққысына төтеп беруге болар еді. Туысқан түркі халықтармен қазақ халқы біте-қайнасып, бірге жасасып келе жатқандықтан ортақ мүддеге айналар дүниелері де көп.

Бүгінде өзекті мәселенің түйінін шешуге атсалысып, халықтың адаспай, дұрыс бағытқа бет алуына өз мүмкіндіктерінше көңілге қонымды әрекет жасап жатқан “Ақиқат сыйы”, “Яссауи шарапаты”, “Мезгіл мінезі” сияқты т.б. хабарлардың маңызды екенін айта кеткен жөн. Олар имандылықтың асыл ұғымдарын ислам діні арқылы ұлттық дүниетанымымызға орайластыра өріп, оны қазақ тұрмысы, қазақ өмірі, қазақ ұғымы тұрғысынан дәйектеп, адамгершіліктің ақ жолын тыңдаушыларына жеткізе дәріптейді. Халықтың рухани санасының өсуі мен ұлттық рухқа имандылықтың асыл дөнін себу мақсатындағы осындай пайдалы іс-шаралардың тамыры тереңге бойлап жатса игілігін ел көреді. Ал, оған мемлекет тарапынан тұшымды қолдау болып, оның кең қанат жайуына мүмкіндіктер туғызар болса, елдің жарқын болашағы үшін жасалған тиімді істің бірі болар еді.

Болашаққа барлай самғауды мұрат тұтып, байрағымыздың көкте желбіреп тұрғанын қаласақ, елдің рухани жағына баса назар аударған жөн.

Заман талабы саяси саяздық пен рухани шабандықты көтермейді.

## Обзор прессы

# О науке, политике и ... кино

В мае для КазНУ им. аль-Фараби состоялось немало важных событий республиканского и международного уровня.

Одно из них – открытие при содействии ученых нашего университета казахского отделения в Ханкукском университете (Южная Корея). Об этом сообщили “Казинформ”, новости “Казахского радио”, газеты “Казах әдебиеті” 13 мая, 2004; “Егемен Қазақстан” 14 мая, 2004; “Высшая школа и наука Казахстана” 15 мая, 2004.

Об оригинальных исследованиях нашего ученого, доктора химических наук Х.К. Оспанова еще в начале года писали в средствах массовой информации. В этот раз газета “Казахстанская правда” (7 мая, 2004) опубликовала статью о награждении ученого Золотой медалью за международное научное открытие (это уже второе открытие ученого!) под заголовком “Из одного металла лютят медаль за бой, медаль за труд, или Как казахстанский ученый стал автором международных открытий”. Об этом также сообщает газета “Егемен Қазақстан” (22 мая, 2004).

Одним из важнейших событий в жизни республики стало выступление в прямом эфире Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева. КазНУ как главный вуз страны одним из первых выразил в прессе свои мысли и впечатления, которые были опубликованы в газетах “Казах әдебиеті” (21 мая, 2004), “Егемен Қазақстан” (22 мая, 2004), “Алматы ақшамы” (22 мая, 2004), на сайте агентства “Казинформ” и в эфире “Казахского радио”.

Глава государства Н.А. Назарбаев в своих выступлениях о системе образования постоянно отмечает, что главным критерием качества подготовки специалистов должна стать конкурентоспособность и востребованность выпускников на рынке труда. С этой целью в КазНУ прошел международный научный семинар “Менеджмент качества образования”, который стал поводом для новостей “Казахского радио” (12 мая, 2004) и агентства “Казинформ” (12 мая, 2004).

Не остался без внимания со стороны СМИ традиционный легкоатлетический кросс профессорско-преподавательского состава и аспирантов университета, посвященный Дню Победы и 70-летию КазНУ (“Казахское радио”, “Казинформ”, 9 мая, 2004).

Основным поводом освещения в СМИ являются научные конференции и различные встречи, проводимые в стенах КазНУ. Например, это традиционная Международная научно-практическая конференция “Бекмахановские чтения-2004” (“Казинформ”, 18 мая, 2004; “Казахское радио”, 18 мая, 2004), Международная конференция, посвященная 100-летию выдающегося ученого А.Х. Маргулана (“Казинформ”, 19 мая, 2004; “Казахское радио”, 19 мая, 2004). 20 мая в средствах массовой информации широко освещались конференции, проводимые нашим университетом, в частности Международная научная конференция “КазНУ им. аль-Фараби в научном и образовательном пространстве Востока” (новости телеканала “Казахстан”, 20 мая, 2004; “Рахат”, 20 мая, 2004; “Казинформ”, 20 мая, 2004; “Казахское радио”, 20 мая, 2004). Не менее важная Республиканская научно-теоретическая конференция “Казахский национальный литературный язык: сегодня и в будущем”, посвященная 80-летию доктора филологических наук, академика Р.Г. Сыздыковой, прошла на филологическом факультете (новости телеканала “КТК” и “НТК”, “Казахское радио” и агентства “Казинформ”, 20 мая, 2004).

Главной ценностью КазНУ являются профессорско-преподавательский состав и ученые нашего университета. Газета “Казах әдебиеті” продолжает цикл материалов о ректорах КазНУ, в очередном номере опубликована интересная статья профессора Ж. Молдабекова о бывшем ректоре КазНУ, ученом У.А. Джолдасбекове (7 мая, 2004). “Светлый образ учителя” – так называется статья Клары Баймишевой о видном ученом, профессоре Л.А. Вулесе, опубликованная в газете “Наука и высшая школа Казахстана” (15 мая, 2004).

Имидж студентов КазНУ – это имидж будущего Казахстана. Ведь недаром говорят: “Молодежь – будущее страны”. На эту тему дискутировали студенты с профессорами и учеными университета на Круглом столе, организованном студенческим профсоюзом “Сункар”. Данная тема нашла продолжение и в средствах массовой информации. Об этом оповестили телеканал “НТК”, “Казахское радио”, а также информационное агентство “Казинформ”.

Немало журналистов собрала конференция “Мемлекеттік тіл – менің тілім” прошедшая 28 мая 2004 г. в КазНУ им. аль-Фараби среди студентов некоренной национальности. Конференцию освещали телеканалы “Казахстан”, “ЮСА”, “31 канал”, “Казахское радио”, а также Казахское информационное агентство (28.05.2004).

Еще одна новость, порадовавшая нас, – съемки студентки КазНУ, победительницы конкурса газеты “Ана тілі” С. Шандыбаевой в главной роли в историческом фильме “Сардар” режиссера Болат Калымбетова. Об этом писали газеты “Алматы ақшамы” (20 мая, 2004), “Ана тілі” (6 мая, 2004).

Несмотря на конец учебного года, КазНУ по-прежнему остается в гуще событий, о чем говорят многочисленные материалы и сюжеты в средствах массовой информации.

Пресс-служба КазНУ







Сұхбат

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті биыл 70 жылдық тойы қарсаңында өзінің жетпіс бірінші талапкеріне есігін айқара ашқалы тұр. Осы киелі ордада білім нәрімен сусындап шыққан талай түлектер үлкен өмірге жолдама алып, болашақпен бетпе-бет жүздесті. Өзіндік тарихы бар осы айтулы оқу орнына талапкерлер үлкен мақсатпен үлкен табалдырықты аттап, ғұлама әл-Фарабидің игерген он түрлі ғылымының көзін ашады. Иә, айта берсек, қасиетті шаңырақ жайлы әңгіме толастамайды. Енді, білім реформасындағы жасалып жатқан өзгерістер хақында университетіміздің тест орталығының басшысы Мұхамедиев Болат Ментайұлымен болған сұхбатымызды назарларыңызға ұсынып отырмыз.



Болат МЕНТАЙҰЛЫ:

# Жаңа ереже - жаңа сапаға жетелейді



- Болат аға, әңгімімізді сәуір айында бекітілген жаңа білім реформасынан бастасақ...

- Иә, бұл өзгеріс тосыннан бола қалған жоқ. Арнайы мамандар мұның қыр-сырын, бүге-шігесіне дейін анықтап, осындай қорытынды шешімге келді. Біздің мемлекетіміз үшін бұл өзгеріс өте тиімді. Себебі, оқушылар үшін төрт мамандықпен қоса екі бірдей емтихан тапсыру қолданыстан шыққаны үлкен қуаныш.

- Биылғы талапкерлерімізге қос бірдей сынақтың ережесін қысқаша түсіндіріп өтсеңіз.

- Биыл мектепті бітіргендер жаңа ереже бойынша төрт мамандықты таңдап алады. Сосын міндетті түрде тапсыратын пәндері бұрынғыша математика, Қазақстан тарихы және қазақ тілі болып қалды. Ал, төртінші пән өзінің қалаған мамандығына қарай белгіленеді. Айта кетерлік жайт, бұл жаңа жүйе тек орта мектептің түлектері үшін ғана. Ал, колледж, кәсіптік мектепті бітіргендер мен былтыр оқуға түсе алмай қалғандар бұл комплекстік тестке қатыса алмайды. Олар әдеттегідей шілденің 20-25-і аралығында болатын тест сынағына қатысады.

- Жаңа жүйенің тиімділігі неде?

- Бұл Білім және ғылым министрлігінің саясаты ғой. Ғылым түлектердің деңгейін анықтау үшін және бұл біртұтастыққа апаратын жол. Демек, екі жұмысты бір уақытқа жұмылдыру деген сөз. Ұлттық тест орталығы өз технологияларымен өздері тексеріп, барлық ақпаратты Астана қаласына жөнелтеді. Меніңше, бұл жүйе мемлекетіміз үшін тиімді. Себебі, жаңа жүйеде шашылған дүниелерге жинақтылық бар. Сонысымен

құнды болса керек.

- Ертеректе осы жүйені неге бірден енгізбеді және бұл ереже әлемдік стандартқа сай негізделген бе?

- Егемендік алған жылдары бірден мұндай ережені қолданысқа енгізу қиынның-қиыны болды. Оның үстіне Кеңестік сана бұл ережені дұрыс қабылдамайтын да еді. Бұл жаңа жүйеге бірте-бірте келгеніміздің өзі дұрыс шығар. Жаңа нәрсенің айтылуы оңай, ал орындалуы күрделі жұмыс. Бұл жаңа бағыттағы жүйе әлемнің бірқатар елдерінде қолданысқа енген.

- Жоғары көрсеткішпен оқуға түсе алмай қалған талапкерлер үшін ҚазҰУ-дің тағайындаған грант немесе несиесі бар ма?

- Өкінішке орай, мұндай жеңілдіктер ҚазҰУ-де жоқ. Өзінің білімімен ғана Мемлекеттік грантқа немесе несиеге қол жеткізеді.

қалаған жоғарғы оқу орнын көрсетеді. Ал, қателесіп немесе бір жағдайға байланысты өзінің аймағындағы оқу орнында оқу үшін арыз жазып ауысады.

- Биылғы талапкерлерге қандай тілек білдіресіз?

- әл-Фараби атындағы ҚазҰУ еліміздегі ғана емес, әлемдегі бірден-бір айтулы оқу орны. Талай ғұламалар оқыған және дәріс берген осы табалдырықты аттаушы талапкерлерге тек қана сәттілік тілеймін!

Сұхбаттасқан  
Гайһар ЖАНАРОВА

## ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ АНЫҚТАМАСЫ:

• әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің қабылдау комиссиясы өз жұмысын 20 маусымнан бастайды.

• Мемлекеттік білім гранты мен несиелерін иелену байқауына қатысуға арналған өтініштер 20 маусым мен 10 шілде аралығында қабылданады.

• Шығармашылық емтихандар 5 шілде мен 8 шілде аралығында өтеді.

• Кешенді тест сынағы шілденің 20-25-і аралығында болады.

• Студент қатарына қабылданған студенттер тізімі тамыз айының 10-ы мен 20-ы аралығында белгілі болмақ.

Талапкер 40 балдан кем жинамаса, ақылы бөлімге түсуіне мүмкіндігі бар.

- Ал, шығармашылық мамандықтарда қандай өзгерістер болады?

- Жылда ең бірінші шығармашылық емтихан болатын. Ал, биыл алдымен өзі қалаған мамандығын белгілеп, тестке қатысады. Екінші кезеңде шығармашылық емтиханды тапсырады.

- Тағы бір мәселе. Талапкерлер қалаған жоғарғы оқу орындарына түсу үшін қандай өзгерістер болуы мүмкін?

- Кешенді тестке кірген кезде қолындағы қағазға әрбір талапкер

Семинар

## Министерство образования и науки создает пресс-центры в регионах

25-26 мая 2004 года в г. Астане в Министерстве образования и науки состоялся семинар-тренинг по разъяснению целей, задач и методов работы Республиканского пресс-центра МНиО РК. Семинар проводил министр образования и науки РК Ж.А. Кулекеев.

Для участия в семинаре были приглашены представители региональных вузовских пресс-центров. Алматинский регион был представлен нашим университетом.

На семинаре было сказано о необходимости проведения информационно-разъяснительной работы по освещению в центральных и региональных средствах массовой информации мероприятий МОиН РК, связанных с реформированием образования, и создании пресс-центров на базе крупнейших вузов в регионах. Региональные пресс-центры будут заниматься освещением в прессе зарубежного опыта по совершенствованию системы образования и организации учебного процесса, внедрению современных технологий в высшем образовании, обзором зарубежной, республиканской и региональной прессы.

Особое внимание пресс-центры обязаны уделять освещению вопросов образования в Казахстане.

В частности, организации и проведению единого национального тестирования, работе приемных комиссий, промежуточной аттестации и государственным экзаменам в вузах, проблемам выбора профессии и трудоустройства выпускников, искоренению элементов коррупционной в системе высшего школы, защите кандидатских и докторских диссертаций, подготовке



докторов PhD и т.д.

Кроме того, пресс-центры будут осуществлять тесное сотрудничество с местными акиматами, региональными департаментами образования, региональными вузами и местными СМИ в целях своевременного реагирования на критические материалы в прессе.

В состав пресс-центров будут включены преподаватели, студенты, а также сотрудники региональных вузов. В настоящее время Министерство образования и науки разрабатывает положение о конкурсе среди пресс-центров на лучший материал, посвященный вопросам образования в Казахстане.

Алматинский региональный пресс-центр планируется создать на базе Казахского национального университета им. аль-Фараби.

Майра САГЫМБАЕВА, руководитель пресс-службы КазНУ

“Парасат” кәсіподағы

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басшылығы, “Парасат” кәсіподағы, тарих, биология факультеттерінің оқытушылары мен студенттері ұйымдастырған кезекті қайырымдылық акциясы “Қаскелең” көмекші мектеп-интернатының қамқөңіл балаларына ұмытылмас қуаныш сыйлағаны анық.

## Қаскелеңде қайырымдылық акциясы

1-9 класқа дейінгі оқушылар қазақ және орыс тілдерінде білім алатын мектеп-интернат қайырымдылық шараларына зәру. Нарық уақыты олардың қайғысыз, қамсыз өмір сүруіне кедергі болғанмен, интернат ұжымына көмек қолын созатындар қатары баршылық. Өткен жылы мектеп-интернаттағы жетім балалардың жазғы демалысын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің “Парасат” кәсіподақ ұйымы қамтамасыз етіп, “Болашақ” лагеріне жолдама берген болатын. Интернат ұжымы биыл да 25 жетім баланың жазғы демалысын “Болашақ” лагерінде өткізуге тілек білдіріп отыр.

Осы жолы университет ұжымы “Қаскелең” көмекші мектеп-интернатына LG бейнеплеер, ғылыми-танымдық, көркем фильмдер жазылған

бейнетаспалар, кітаптар мен азық-түлік және әртүрлі киім-кешектер тарту етті. Тарих және биология факультетінің өнерлі студенттері арнайы концерттік бағдарлама әзірлеп апарды. “Көңілді тапқыштар” клубының әзілдеріне қуана қол соққан балалар күмбірлеген домбыраның күйіне, ұлттық үрдіске сай киінген қыздардың мың бұралған биіне қызыға қарап, ерекше әсерге бөлісті.

“Қаскелең” көмекші мектеп-интернатының директоры К.Қайырленов пен ұстаздар ұжымы, барлық оқушы, тәрбиеленушілер әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Т.Ә.Қожамқұловқа, “Парасат” кәсіподақ ұйымының жетекшісі М.Т.Мұқашеваға алғыс хат жолдады.

## “Бәріміз — қауіпсіз өмір үшін!” — дейді ҚазҰУ жастары

Жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде “Парасат” кәсіподағының ұйымдастыруымен “Бәріміз — қауіпсіз өмір үшін!” атты нашакорлық, шылым шегу мен алкоголь мәселелеріне арналған студенттік конференция өтті. Конференция барысында университеттің студенттері қоғам дертіне айналған — нашакорлық, шылым шегу мен алкогольдің адам ағзасына зияндығы, рухани дамуына кері әсері, онымен күресу жолдары туралы баяндамалар жасады. “Парасат” кәсіподағының төрайымы М.Т.Мұқашева университет студенттерінің салауатты өмір салтына бейімделіп, зиянды әдеттерден аулақ болуына барлық жағдайдың жасалғандығын, жыл бойы спорттық-сауықтыру шаралары, денсаулық тақырыбында түрлі жиындар мен акциялардың үзбей өткізіліп тұратындығы туралы айтты. Сонымен қатар, нашакорлықтың зияндығы

туралы бейнефильмдер көрсетіліп, маман кеңестері тыңдалды. Республикалық салауатты өмір салтын қалыптастыру ұлттық орталығының, ҚазҰУ-дің Тіршілік қауіпсіздігі кафедрасының мамандары, дәрігерлер нақты деректер мен мысалдар арқылы қаншама жастардың спирттік ішімдіктер мен темекі, нашакорлыққа бой алдырып, ағзаларын улап, өз болашақтарына балта шауып жатқандарын айтты. БҰҰ деректері бойынша ҚР-да 250 мың адам нашакор болса, оның үштен екі бөлігін жасөспірімдер мен балалар құрайды екен. Нашакорлыққа бой алдырушылардың жасы 9 бен 49 жас аралығын қамтиды.

Конференция соңында үздік шыққан баяндамалар мен қабырға газеттерінің авторларына арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтар табыс етілді.





● **Бәрекелді!**

**Олжас СЫДЫҚБЕКОВ:**

Өнерліге өріс кен

## Сана - “Сардардың” саңлағы

2004 жылдың 30 сәуірінде “Арман” кинотеатрында режиссер Болат Қалымбетовтің жаңа туындысы - “Сардар” толықметражды көркем фильмінің тұсаукесеріне арналған баспасөз мәжілісі өткізілді.



Жаңа көркем фильмінің дүниеге келуі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мәртебесіне тағы да абырой әкелді. Себебі, “Сардар” фильміндегі басты кейіпкер рөлін сомдаған Сана Шандыбаева университетіміздің 2 курс магистранты. Өзінің оқып жатқан мамандығы эконо-

номика факультеті бола тұра, бойындағы өнерімен жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар болып іріктеу кезеңдерінен сүрінбей өткен болатын. Осыдан бір жыл бұрын етене кірісіп кеткен Сана Шандыбаева бүгінде өз еңбегінің жемісін көріп жатыр. Өз міндетін жауапкершілікпен мойнына алған Сана көркем фильмге түсу барысында талай қиындықтарды басынан өткерді. Тек өзінің емес, елінің абыройын асқақтату үшін Сана Шандыбаева қолынан келген өнерін аямады.

Университетіміздің мақтаншына айналған Сана бірнеше дүркін фестивальдардың жүлдегері, “Ана тілі” аруы атанып, университеттің мәдени іс-шараларына үнемі араласып, тұрақты жүргізушімізге айналған белсенді студент болатын. Міне, енді ол киелі қарашандыраққа қанатын қатайтып, өнердегі жолда өрге қарай самғап бара жатыр. “Сардар” көркем фильмінің тұсаукесерінде біз оны сөзге тарқан едік.

- Сөз жоқ, бүгін қатты толқып тұрмын. Осы туындыда Сарымтана ханшайым рөлін орындадым. Әр нәрсенің өсерлі болуы үшін сан болмысқа шынайы кіріп сезіну қажет. Мен өзімді осы киноға түскенім үшін бақытты санаймын. Әлі талай асулар, қол жетпеген белестердің сан тарауы алда қол бұлғап тұр ғой. Құдайым сол күнге жеткізсін!

Иә, белестің бетін бері қаратқан қандай жақсы. Өзінің сұлулығымен де, ізгілігімен де басты кейіпкердің рөлін сомдаған Сана Шандыбаева әлі талай киноға түсетіні сөзсіз.

Енді “Сардар” көркем фильмі жөнінде қысқаша мағлұмат бере кетсек. Фильмге түскен белгілі қазақ актерлерінің қатарында Тұңғышбай Жаманқұлов (Шонай), Саят Мерекеновтер (Құлжанның әкесі) бар, сондай-ақ, жас өртістер Қуандық Қыстықбаев (Құлжа), Ержан Нұрымбеттер (Ақберді) де өз рөлдерін шеберлікпен сомдап шықты.

“Сардар” - оқиғалары 18-ғасырда өрбитін фильм-эпосана, тарихи қисса. Жоңғар шапқыншылығында төгілген қан ортасында махаббат драмасы да көрініс береді. Екі дос - Құлжа мен Ақберді Құлжаның әкесін жау қолынан босатып алу үшін жоңғар қосынына аттанып, жолай алуан оқиғаларға ұшырайды. Сөйтіп жүріп олар қанқұйлы тұтқыны болып отырған Сарымтана ханшаға екеуі де бірдей ғашық болады.

Фильм оқиғалары махаббат пен соғыс, қызғаныш пен сатқындық, билік үшін талас, азаттыққа ұмтылу сияқты бірнеше желіні қамтиды. “Сардар” фильміндегі жарқ-жүрқ көз тартып, көңіл баурап өкететін әрекеттер, кинокартина суретшілері жасаған керемет киімдер мен декорациялар көрермендерді қазақ даласына тән қасиетті ауыр кезеңмен тоғыстырады. “Сардар” фильмі - өз көрермендеріміз көптен аңсай күткен халықтық кино. Бұл фильмді толық түсіруге мемлекет тарапынан 42 миллион теңге бөлінді. Енді “Сардар” шетелде өткізілетін киноконкурстарға қатысады. Содан соң эфирден тамашалай алатын боламыз.

Әділ СЫЗДЫҚ

# “Билік басындағыларға пародия салғым келеді...”

“...Әй, Бота, ойбай-үй, қайда жүрсің? Кір үйге!...”  
...Олжас ауылында жүргенде көрші әйелдің сөздерін осылай салады екен. Ауылындағы мұрнымен сөйлейтін Әлімжан деген кісіні пародиялап, ауыл жұртшылығын күлкіге қарық қылса керек. Мүмкін, бұл ауыл баласының пародияға деген алғашқы қадамы болар. Қазір Олжас Сыдықбеков әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің журналистика факультетінің 3 курс студенті. “Терісқақпай” комедия театрының жас әртісі. Жақында ғана “Терісқақпайдың” соңғы концертінде өнер көрсеткен жас пародист дүйім жұрттың ризашылығына бөленді. Олжаспен болған әңгімемізді назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.



- Олжас, пародияға қалай келдің? Сені тосыннан “Терісқақпайдан” көруді ешкім күтпеген сияқты.

- Иә, “Терісқақпайда” өнер көрсетем деген менің де ойымда болған емес. Пародияны осы университет қабырғасында жүрген кезде үйрене бастадым. Ауылда жүргенде танымал деген ел азаматтарын өзімше салып жүретінмін. ҚазҰУ-ге келгеннен кейін бұны көпшілік алдына шығара бастадым. Алғаш рет үлкен сахна төріне университеттің “Менің Қазақстаным!” фестивалінде шықтым. Онда Жүрсін Ерманның, Бекболат Тілеуханның және деканымыз Бауыржан Жақыптың образдарын салдым. Студенттер де, оқытушылар да жаман қабылдамаған сияқты. Одан кейін журналист Жанарбек Әшімжанмен бірге еріп жүріп, біраз кісілердің қылықтарын, сөздерін келтіріп жүрдім. Айналамдағы жолдастарым осы қасиетімді байқап, “Терісқақпайдың” көркемдік жетекшісі Асқар Наймантаевпен таныстырды. Бұл кезде концертке бір апта қалған уақыт еді. Бағарлама түгел дайын болағандықтан, оны ешкімнің де бұзғысы келмеді. Бірақ, Асқарға менің салған пародияларым ұнап, бағдарламаны түгелдей өзгертуге тура келді. Сөйтіп мен бір аптада үлкен сахна төрінен бір-ақ шықтым.

- Республика сарайында үлкен халық алдында алғаш рет өнер көрсеттің. Жүрексіңген жоқсың ба?

- Әрине, сахнаға шығар алдында кәсіби

деген әнші, өртістердің өздері толқып тұрады. Менде де дәл сондай сезім мен толқу болды. Қанша дегенмен, жүрексінесің ғой. Бірақ халықтың қолпаштаған шапалағынан арқаң қозып, бірте-бірте өзінді еркіндікке үйрете бастайсың. Соңғы қойылымымда Ермек Серкебаевты, Тұңғышбай Жаманқұловты, Сәкен Майғазиевке және Мейрамбек Беспаяевқа пародия жасадым. Біреулер “Тұңғышбай Жаманқұловқа пародия салып, өле алмай жүрсің бе?” деген еді. Алайда, ағамыздың өзі концерттің соңында сахнаға шығып: “Өнерге келу де өнер, кету де өнер. Саған темірдей төзім тілеймін! Өнер жолындағы алғашқы қадамың құтты болсын!” - деп бата берді.

- Болашақтағы жоспарларың қандай?

- Жоспар көп. Қазірдің өзінде Қазақстанның бірнеше қалаларында өнер көрсеттік. Жақында Түркия елінде 1959 жылдан бері өтіп келе жатқан түркі халықтарының Халықаралық “Қожанасыриддин” фестиваліне шақыру алдық. Құдай қаласа, шілде айында жол жүрмекпіз, одан кейін Қытайға барамыз деп отырмыз. Осы тұста айта кететін бір жайт, ондағы қандастарымыз бізді жақсы таниды. Ол жақта “Терісқақпай” өртістерінің беделі жоғары. Ал, маусым айында Асқар Наймантаевтың шығармашылық бенефисі болады. Жаңа пародияға дайындалу үстіндемін. Онда Амантай қажыны, Нұрлан Абдуллинді, Бекжан Тұрысты және “Нұр-Мұқасан” тобын пародияға

салмақпын.

- Әзірге билік басындағыларға тиіскін келмейтін сияқты. Тілі шұбар, бойында ұлттық намысы жоқ азаматтарымызды бір сыңға алғаның дұрыс болар еді.

- Ең біріншіден, менің сценариімді театрдың көркемдік жетекшісі өзі жазды. Ол не жазса, соны орындаймын. Негізі, бұл да болашақтағы жоспарда бар. Себебі, бізге ұлттық қадір-қасиет керек. Тіл тазалығы бұзылмауы тиіс. Өнер адамдарына ғана пародия салғанша, билік басындағылардың кемшілік тұстарын ашып айтуға менде қарсы болмас едім.

- Оқи жүріп жұмыс істеген қиынға соқпайды ма? Ал, оқытушылар бұған қалай қарайды?

- Ақылы бөлімде оқығандықтан, менің де ақша тапқым келеді. Екінші жақтан, ата-анама сөл де болса жеңілдік жасасам деймін. Журналистика факультетінде оқып жүрген студенттерге оқи жүріп жұмыс істеу таңсық әрекет емес. Сондықтан да, мен әзірге осы театрда қызмет ете беремін. Ұстаздарым көп жағдайда түсіністікпен қарауға тырысады. Бірақ оқуымды аяқтап, дипломымды қолыма алсам, өз мамандығым бойынша ғана қызмет істейтін боламын.

- Әңгімеңе рақмет!

Сұхбаттасқан  
Руслан БӨЛЕБАЙ

● **Дөңгелек үстел**

## Қаз ҰУ студенттерінің имиджі қандай?

2004 жылдың 5 мамырында Жастар рухани орталығы мен “Сұңқар” кәсіподағының бірлесіп ұйымдастыруымен “әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студентінің имиджі” атты университет көлемінде дөңгелек үстел өткізілді. Басқосу қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді. Дөңгелек үстел барысында арнайы “Имидж студента” атты екі тілде экспресс-газет шығарылды. Жиынға Алматы қаласы әкімі жанындағы жастар саясаты даму қорынан арнайы өкіл қатысты. Сонымен бірге академик Ф.Есім мен философия және саясаттану факультетінен профессор Т.Х.Ғабитов, журналистика факультеті БАҚ менеджменті кафедрасының меңгерушісі, профессор Л.С.Ахметова және басқа да қонақтар студенттермен пікір алысып, өз ойларын бөлісті. Студенттер “Бүгінгі ҚазҰУ студенттерінің келбеті” және “Имидж сөзінің ғылыми-тарихи мазмұнын ғаламдану заманында әр ел жастары қалай түсінеді?” деген тақырыптарда көлемді де маңызды баяндама жасады. Осы баяндамадан соң студенттер арасында қызу пікірталас туып, соңында темекі тартуды, театр, музейлердегі өнер туындыларын

көруге ынтымақсыздықты жою, университет имиджіне сай ел азаматы, жақсы маман болу керек деген шешімге келді. Дөңгелек

үстелде көтерілген заман талабынан туған студент имиджіне байланысты туындаған сұрақтарды келген қонақтардың өздері қорытындылады. Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректордың орынбасары Гүлнар Әлібекқызы басқосу жұмысына белсене атсалыққан қонақтар мен студенттерге алғыс айтып, “Студент имиджі” тақырыбындағы дөңгелек үстел факультеттерде жалғасын табатындығын айтты.



Осы орайда бір нәрсені айта кетуімізге болады. Аталған дөңгелек үстелді ұйымдастыруға ұйытқы болған университетіміздің

“Сұңқар” қоғамдық кәсіподағы биыл бес жасқа толып отыр. Алдағы уақытта да осындай игі шаралардың өтуіне атсалысады деген сеніммен ҚазҰУ-дің 70 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келген бес жылдығымен құттықтаймыз!

Төлеухан ЖАРҚЫНБЕКОВА,  
Жастар рухани орталығының жетекшісі





Бұлшықет

Дене шынықтыру кафедрасына 55 жыл

22 мамыр күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дене шынықтыру кафедрасы мен спорт клубында университеттің 70 жылдығы мен кафедраның 55 жылдығына арналған спорт мерекесі ұйымдастырылды. Мереке бағдарламасында қаралғандай, музыкалық-спорттық композиция және түлектер мен студенттер құрама командасының арасындағы футбол матчы болды.



Кафедра мен спорт клубының қысқаша тарихына тоқталатын болсақ, әскери-дене шынықтыру кафедрасы 1934 жылы құрылды. 1948 жылы жеке дене шынықтыру кафедрасы болып ашылып, түрлі бағыттағы факультетаралық спартакиадалар өткізе бастады. Көп ұзамай, яғни 1964 жылы қырғыз еліндегі Ыстықкөлде ҚазҰУ-дің спорт-сауықтыру лагері ашылды. 1972-1990 жылдары "Университет" деп аталатын қыздардың баскетбол командасы жоғарғы лига командаларымен бірге СССР біріншілігіне қатысып кайтты. Бүгінде еліміздегі ең мықты студенттік спорт базасы болып табылатын жаңа спорт кешені 1987 жылдан бастап қолданысқа беріле бастады. Тағы бір тарихи спорттық оқиға, ХХ ғасыр мен ХХІ ғасыр түлектері арасында 2000 жылы "Мыңжылдықтар матчы" өтті. Ал, 2002-

2003 жылдары ҚазҰУ-дің құрама командасы 34 команданың ішінен ІІ Қазақстан Жоғарғы оқу орындарының Универсиадасында жеңімпаз атанды.

Енді 2003-2004 жылдардағы спорттық жетістіктерге аз-кем тоқталатын болсақ, оқу ордамыздың студенттері Түркиядағы еркін күрестен әлем Чемпионатында Қазақстан құрамасының құрамында 3 орынға ие болды. Самбодан әлем Чемпионатында 3 курс студенті Чакенов Асхат өз салмақ дәрежесі бойынша әлем чемпионы атанды. Қазақстан құрамасының құрамы ішіндегі ҚазҰУ-дің 3 студенті дүние жүзі Универсиадасына қатысып кайтты.

Соңғы жылдың ішінде ғана университеттің 18 студенті әлем біріншілігі, халықаралық турнирлер мен республика Чемпионаттарының жеңімпазы атанды. Сондай-ақ, жыл сайын ҚазҰУ-дің дене шынықтыру кафедрасы "Парасат" кәсіподақ ұйымымен бірлесе отырып, университеттің мыңдаған студенттері мен оқытушы және қызметкерлері қатысатын 40 шақты спорт-сауықтыру шараларын өткізіп келеді.

Жетістігі жетерлік қарашаңырақ сапалы білімі жағынан ғана емес спорттық саладан да алдыңғы қатарда екендігіне тарихи асуларымыз дәлел.

Аскар БЕКОВ



Семинар

Жаңа кітап - жаңа сапа

2004 жылдың 12 мамыр күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде "Сапаның жалпы менеджменті" атты семинар өтті. Семинарды JICA халықаралық қызметі жөніндегі жапон агенттігінің сарапшысы, бизнес курстарын басқару менеджері Масахико Тамаи өткізді. Атап өтерлік жайт, сапа менеджменті саласындағы семинарлар өткізу Қазақстанда дәстүрге айналып отыр.

Семинардың өзге "әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің сапа менеджменті жүйесі" атты кітаптың тұсаукесері болды. Семинарға қатысушылар білім беру саласының мақсаты және саясатымен, ішкі аудит пен сапа туралы құжаттар пакеті және концептуальды ережелермен, менеджмент жүйесінің көрсеткіші және құрылымымен танысты.

Бүгінгі күннің талаптары нарық жағдайындағы ғылым мен білім беру жүйесінде бағдар жасауды ең бірінші кезекке қояды. Соңғы уақытта жылдар бойы қалыптасқан жобалар мен көзқарастар жүйесі нарық заңдарына қайшы келетіні анық байқалып жүр. Бұл талаптың әлемдік білім беру кеңістігіне қазақстандық жүйесінің енуіне байланысты аса маңызды екендігі белгілі.

2003 жылы қыркүйек айында Италияның Болонья қаласында ҚазҰУ Орта Азия жоғары оқу орындары арасында бірінші болып университеттердің Ұлы Хартиясына қол

қойып, әлемдік білім кеңістігінде жауапты қадам жасады. Осы арқылы халықаралық деңгейде мойындаған әлемдік еңбек нарығында білім мен жоғары бәсекелестікке қабілетті қолданбалы және сапалы үздіксіз білім беру дәрежесіне қол жеткізуді өзінің биік мақсаты ретінде ұстанып отыр.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің сапа менеджментінің жүйесі бәсекелестік пен еңбек нарығындағы суранысқа ие болу, тұтынушылар мен басқа да мүдделі топтың қажеттілігін өтеуге бағытталған. Сапа менеджменті жүйесінің мақсатын орындау өзара байланысты мынадай шараларды қамтиды: жауапкершілік пен басшылықтың міндеті, ресурстар менеджменті, білім беру ісінің процестері мен сапалы білім беру мониторингі, саралау, бағалау және үнемі білім сапасын көтеру.

Бейбіт САРЫБАЙ



Фотоэтиюд Фотоэтиюд Фотоэтиюд

Кеудене көктем сыйлар балды ән қонып,  
Бейтаныс бақытыңа алдан жолық,  
Амал не, әділетті сезіміме,  
Басылған мөрің шықты жалған болып.

Өтсе де тойсыз күндер алға асыға,  
Берілмес мендік жүрек жалға, сірә,  
Қош енді, көңілімің ерке қусы,  
Арманның бәрі тәтті алғашында!.

Б. ТӨРЕБЕКҰЛЫ

СҮЛЕЙМЕНОВА  
Нүргүл, ҚазҰУ-дің  
3 курс студенті

Хороший учебник – гарантия качества знаний

Награды Ассоциации вузов

21 апреля 2004 года Ассоциация вузов Республики Казахстан провела республиканскую конференцию на тему "Современный вузовский учебник: проблемы и перспективы".

Ассоциация подняла очень важную проблему, так как от качества учебника зависит уровень подготовки специалистов, востребованность выпускников в условиях рыночной экономики.

Выступающие, в том числе президент Ассоциации, д.э.н. Р.А. Алшанов, говорили, что содержание учебников соответствует государственным стандартам, также было отмечено, что за последние десять лет объем новой литературы в вузах значительно сократился.

Отрадно заметить, что последнее не коснулось нашего вуза, ибо руководство университета, в первую очередь ректор профессор Т.А. Кожамкулов, уделяет большое внимание финансированию новых книжных поступлений в библиотеку, о чем было сказано на республиканской конференции.

Выпуск учебной литературы нового поколения, ее качество напрямую связаны с качеством учебного процесса. Обеспеченность дисциплин учебно-методическим материалом является гарантией надлежащего уровня образования, которому уделяет большое внимание Президент Республики Казахстан Н.А. На-

зарбаев.

Преследуя цель сделать учебник для вузов доступным, Ассоциация выступила инициатором по изданию и переизданию учебной и учебно-методической литературы. В числе популярных, востребованных вузами учебников большое место занимают те, авторами которых являются наши преподаватели. Это еще раз свидетельствует о большом интеллектуальном ресурсе нашего университета, о высоком профессионализме наших кадров.

Написать оригинальный учебник и вести преподавательскую работу – это не одно и то же. При создании учебника, как и любого интеллектуального труда, от автора требуется великолепное знание предмета, полное владение языком и многое другое. Этим требованиям соответствуют авторы, наши преподаватели, которые стали лауреатами медали им. Ахмета Байтурсынова. Были награждены не только авторы учебников, но и ректоры, внесшие большой вклад в организацию работы высших учебных заведений. Среди награжденных и наш рек-

тор профессор Т.А. Кожамкулов, который уделяет большое внимание обеспеченности учебного процесса учебно-методическим материалом, пополнив книжной коллекцией Научной библиотеки. Мы искренне поздравляем Толгелена Абдисагиевича с этой наградой.

Стали лауреатами медали им. А. Байтурсынова следующие авторы, чьи учебники были отмечены Ассоциацией на республиканской конференции: С.А. Айсаялиев, д.т.н., профессор, Б.А. Беремжанов, д.х.н., профессор, К.У. Биекенов, д.с.н., профессор, Т.Х. Байитов, д.ф.н., профессор, К.Б. Жарыкбаев, д.п.н., профессор, К. Кабылдаиров, д.п.н., профессор, З.С. Кузекова, к.ф.н., доцент, Н.Н. Нурахметов, д.х.н., профессор, Ж.С. Сулейменов, к.м.н., профессор.

Серебряной медалью им. А. Байтурсынова награждена и директор нашей научной библиотеки Е.Д. Абулкайрова за большой вклад в обеспечение образовательного процесса учебниками нового поколения и интенсивное обновление книжного фонда вуза. Поздравляем всех лауреатов с наградой и желаем дальнейших успехов в деле подготовки высококвалифицированных кадров.

Пресс-служба КазНУ

Конференция

Дәстүрлі "Бекмаханов оқулары"

18-19 мамыр күндері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де "Бекмаханов оқулары-2004" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Дәстүрлі "Бекмаханов оқулары" отан және әлем тарихы, археология мен этнология мәселелеріне арналған. "Бекмаханов оқуларын" өткізудің басты мақсаты – тарих ғылымдарының өзекті мәселелерін талқылап, жан-жақты талдау жасау. Конференция жұмысы Қазақстан тарихы (отан тарихы), әлем тарихы, археология, этнология, музейтану, деректану және тарихнама бағыттары бойынша жүрді.

Аталған конференцияны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, ф.м.ғ.д., профессор Т.Ә.Кожамқұлов сөз сөйлеп ашты. Сондай-ақ, конференцияда тарихшы, Монғол Республикасы елшілігінің қызметкері Церендорж Тумур, т.ғ.д., профессор, тарих факультетінің деканы Ж.Қ.Таймағамбетов, т.ғ.д., профессор Қ.Т.Жұмағұлов, т.ғ.д., профессор К.М.Атабаев және т.б. ғалымдар баяндама жасады. Конференция материалдары, баяндамалар жеке жинақ болып басылып шығады.

ҚазҰУ-дің Баспасөз қызметі

Байқау

Жеңіс күні қарсаңындағы "Жігіт сұлтаны"

7 мамыр күні шығыстану мен халықаралық қатынастар факультетінің №8 жатақханасында Отан қорғаушылар күні мен Ұлы жеңіс мерекесіне орай "Жігіт сұлтаны" байқауы болып өтті.

Бағдарлама "Жігіт сұлтаны" байқауы негізінде өтіп, арасында өртүрлі ойындар ойнатылды. Байқауға әр қабат өз үміткерлерін қатыстырып, олар өз өнерлері мен күш-жігерлерін жұртшылық алдына жайып салды.

Байқау таныстыру сайысымен басталды. Жігіттердің өздерін таныстыруда өртүрлі жолдар ұстанғаны бізді қуантты. Мысалы, бірі поэзия тілімен тіл қатса, енді бірі көркемөзбен өрнектеп көрсетті, ал енді бірі әйгілі боксшы келбетінде шықса, бірі жырмен жеткізді. Екінші өнер көрсету сайысында әр үміткер бірі ән, бірі ептілік, енді бірі монолог оқумен өз жақтаушыларына жол тапқандай болды. Әрине, бәрін айт та, бірін айт, Жандостың қоңыр үніне деген жұрттың іңкәр көңілі ерекше ауса, Ағзаттың қытайша салған әніне жастар қауымы тандай қағысты. Көрермендердің көңілін әділқазы алқасы да қоштап, Жандос бұл кезеңде жеңімпаз атанды.

Бұдан кейін жігіттердің жылдамдығы мен ептілігін тексеруге арналған сайыстар болды.

Ал, ең соңғы бақ сынасу - сайыс киім үлгісін көрсету еді. Оған әр-бір үміткер жақсы дайындалған секілді.

Жалпы, сайыскерлер азды-көпті дайындалса да, олардың ой ұшқырлығы, қиялы жетісіңкіремей тұрғандай болды. Дегенмен, бұл сайыста Жандос өзгелерден өн бойы озық тұрғандығын көрсете білді, сөйтіп, өзінің нағыз "Жігіт сұлтаны" екендігін дәлелдеді. Қалған сайыскерлер өртүрлі номинациялар бойынша марапатталып, бағалы сыйлықтарға ие болды.

Байқау соңы би кешіне ұласты.

Баян ҚОЙШЕКЕНОВА

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты.

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Т.Ә. КОЖАМҚҰЛОВ - ректор;  
Н. ОМАШҰЛЫ - проректор;  
Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;  
М.Т. МҰҚАШЕВА - "Парасат" кәсіподағының төрайымы;  
Е.Ж. ӘБІЛКАЙЫРОВА - ғылыми кітапхана директоры;  
А.А. ШЫВЫДКО - ақпараттық-сараптамалық бөлімнің бастығы;  
Л. ҚАЙЫПОВА - студенттердің "Сңқар" кәсіподағының төрайымы.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор - Бекжан Әшірбаев;  
Бас редактордың орынбасары - Нәйлә Салдықова;  
Жауапты хатшы - Дариға Амангельдиева;  
Теруші - Айтгүл Бабасова;  
Көркемдеуші-беттеуші - Айдын Әбдібекұлы;  
Фототілші - МАМЫРЖАН;  
Кезекші редактор - Руслан Бөлейбай.

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.

Нөмір редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Полиграфсервис" баспаханасында (Жандосов көшесі - 55) 31.05.2004 жылы басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы - 3000 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. № 316 тапсырыс.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

"Қазақ университетіне" жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.